# БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БӨРЛІ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ БАСШЫСЫНЫҢ БҰЙРЫҒЫ

№ 11 «05» қаңтар 2025 жыл

**Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - заң) 16–бабының 3–тармағы, 1,2,28 тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алулар келесі қызметтерге жүзеге асырылсын.

1) Табиғи монополиялар салаларына жататын көрсетілетін қызметтерді сатып алу .

*Бөлімді электрмен қамтамасыз ету мақсатында "Батыс Энерго Ресурсы" ЖШС мен бір көзден сатып алу тәсілімен келісім шарт жасалсын*;

*Бөлімнің теңгерімінде тұрған әкімшілік ғимаратты газбен жылыту мақсатында "QAZAQGAZ AIMAQ" акционерлік қоғамы*

2) Сатып алынатын тауарларға, көрсетілетін қызметтерге қатысты айрықша құқықтарға ие тұлғадан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

*Бөлімнің теңгерімінде тұрған «Парус Каз Бюджет» бюджеттік бағдарламалық өніміне қызмет көрсету бойынша бір көзден сатып алу тәсілімен келісім шарт жасасын.*

28) Егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, сатып алу;

*Бөлімді интернетпен қамтамасыз ету мақсатында "Қазақтелеком" АҚ мен бір көзден сатып алу тәсілімен келісім шарт жасасын.*

*Компьютер жабдықтарына және оның бөлшектеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі*

*Қызметтік автокөлікті толық жөндеуден өткізу*

2. Мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті шаралар орындалсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бас маман Н.Суйеугалиеваға жүктелсін.

**Бөлім басшысы** **А.Бексеитов**